



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 27 қыркүйектегі
№ Д/С-347*

Құрметті депутаттар!

Түркістан облысын ауыз сумен және газбен жабдықтау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Сумен жабдықтауға қатысты

Түркістан облысының әкімдігі 113 елді мекенді (90,6 мың халық) орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету, 204 елді мекендегі (591,5 мың халық) тозығы жеткен желілерді реконструкциялауға арналған жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірледі.

Бұл ретте аталған жобаларды қаржыландыру мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Анықтама: 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында Түркістан облысының сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі 31 жобасын іске асыруға 25,4 млрд теңге бөлу көзделген.

Газбен жабдықтауға қатысты

2024 - 2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде Түркістан облысының әкімдігі құны 21,4 млрд теңге сома болатын 75 жоба ұсынды (6 ауыспалы, 69 жаңа жоба).

2022-2023 жылдардағы жылыту маусымында еліміздің оңтүстік және орталық өңірлерін газбен қамтамасыз ететін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының өткізу қабілеті 106 %-ға жүктелгенін ескере отырып, елді мекендерді одан әрі газдандыру еліміздің бірыңғай газ тасымалдау жүйесінің тұрақты жұмысының бұзылуына қаупін туындатады.

Осыған орай жобаларды іріктеу кезінде аталған газ құбырының жүктелгенін ескере отырып, басталған жобаларды аяқтауға, жұмыс істеп тұрған

инфрақұрылымды жалғастыруға және жаңғыртуға басымдық берілген. Қаржы министрлігі 3,1 млрд теңге сомаға 6 ауыспалы жобаға қолдау көрсеткен.

Түркістан магистральдық арнасын күрделі жөндеуге қатысты

Әзірленген «Түркістан қаласында Түркістан магистралдық арнасын ПК-247-ден ПК-496-ға дейін күрделі жөндеу» жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар. Сметалық құны – 11,5 млрд теңгені құрайды.

Осы жобада Түркістан магистралдық арнасын 26,2 шақырым бөлігінде күрделі жөндеу жұмыстары және жылына 29 млн м³ ағын су үнемделуі көзделген.

Аталған жобаны жүзеге асыруға қаражат бөлу мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде қарастырылатын болады.

Р. Скляр